

Тұран ауылдық округі Ш.Қодаманов ауылының атауы жоқ көшесіне атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Тұран ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 99 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 наурызда № 8375-11 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ш.Қодаманов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 тамыздағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Тұран ауылдық округі Ш.Қодаманов ауылындағы атауы жоқ көшеге Оспан Байдүйсенов атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тұран ауылдық округінің әкімі

Б. Баймаганбетов